

Астана қаласының жасыл аймағын құрудың 2002 - 2010 жылдарға арналған салалық бағдарламасын бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2002 жылғы 10 қаңтар N 17. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2004.05.14. N 542 қаулысымен.

Қазақстан Республикасы Президентінің "Астананың гүлденуі - Қазақстанның гүлденуі" Астана қаласының әлеуметтік-экономикалық дамуының 2005 жылға дейінгі кезеңге арналған мемлекеттік бағдарламасы туралы" 2001 жылғы 19 наурыздағы N 574 Жарлығына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған Астана қаласының жасыл аймағын құру жөніндегі 2002 - 2010 жылдарға арналған салалық бағдарлама (бұдан әрі - Бағдарлама) бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының Табиғи ресурстар және қоршаған ортаны қорғау министрлігі жыл сайын:

1) республикалық бюджетті қалыптастыру жөніндегі бюджеттік тапсырысты дайындаған кезде Бағдарламаны іске асыруға арналған қаражатты көздесін;

2) Қазақстан Республикасының Үкіметіне Бағдарламаның іске асырылу барысы туралы 15 қаңтарға және 15 шілдеге ақпарат беріп отырсын.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы Үкіметінің

2002 жылғы 10 қаңтардағы

N 17 қаулысымен бекітілген

Астана қаласының жасыл аймағын құрудың 2002-2010 жылдарға арналған салалық бағдарламасы

1. Астана қаласының жасыл аймағын құрудың 2002-2010 жылдарға арналған салалық бағдарламасының паспорты

Бағдарламаның атауы

Астана қаласының жасыл аймағын
құрудың 2002 - 2010 жылдарға
арналған салалық бағдарламасы

Бағдарламаны әзірлеу
жөніндегі шешім

Астана қаласының жаңа орталығы
құрылысының барысына бақылау
жасау жөніндегі мемлекеттік
комиссияның 2001 жылғы 21 тамыздағы
отырысының N 11-6/005-198 хаттамасы;
Қазақстан Республикасы Президентінің
2001 жылғы 29 тамыздағы N 12-5/58
та п с ы р м а с ы ;

Қазақстан Республикасы Президентінің
2001 жылғы 19 наурыздағы "Астананың
гүлденуі - Қазақстанның гүлденуі"
Астана қаласын әлеуметтік-экономикалық
дамытудың 2005 жылға дейінгі кезеңге
арналған мемлекеттік бағдарламасы

туралы" N 574 Жарлығы

Бағдарламаның негізгі
әзірлеушісі

Қазақстан Республикасының
Табиғи ресурстар және қоршаған

ортаны қорғау министрлігі

Бағдарламаның мақсаты мен
міндеттері

Астана қаласының айналасынан
25 мың га алқапқа қолайсыз
климаттық жағдайларды жұмсартуды,
халықтың тұрмысы мен демалысының жайлы
болуын қамтамасыз ететін орман

көшеттерін отырғызу

Негізгі көрсеткіштер

16 мың га алқапта жобалау-ізвестіру
жұмыстарын жүргізу 10,4 мың га алқапта
жаңадан орман көшеттерін отырғызу және
бұрыннан барларын қайта орналастыру
жобаларын әзірлеу;
8,1 мың га алқапта жасыл аймақтың
орман көшеттері үшін жер
телімдерін бөліп беру;
16,8 мың га алқапта топырақты әзірлеу;
көшеттік салу мен 40 млн. дана екпе
көшеттер мен тікпе көшеттер
отырғызу материалдарын өсіріп шығару;
25 мың га алқапқа орман көшеттерін
отырғызу, соның ішінде 20,3 мың га
алқапқа жаңа көшеттер отырғызу

және 4,7 мың га алқапқа бұрыннан
барларын орналастыру;
25 мың га алқаптағы орман ағаштарын
күтіп - баптау;
қала шегіндегі 14,6 мың га орман
ағаштарын беру

Бағдарламаны іске асыру
мерзімдері 2002 - 2010 жылдар

Бағдарламаның Қазақстан Республикасының Табиғи
орындаушылары ресурстар және қоршаған ортаны
қорғау министрлігінің Орман,
балық және аңшылық шаруашылығы
комитеті, Ақмола облысының және
Астана қаласының әкімдері

Қаржыландыру көздері Республикалық және жергілікті
бюджеттер

Бағдарламаның күтіліп Қолайсыз табиғи факторларды
отырған түпкі нәтижелері жұмсарту, экологияны, қала
аумағының микроклиматын жақсарту және
халықтың кеңейтілген демалыс аймағын
жасау

Бағдарламаның іске Астана қаласының жаңа орталығы
асырылуын бақылауды құрылысының барысына бақылау жасау
жөніндегі мемлекеттік комиссия жүзеге
асырады

2. Кіріспе

Астана қаласы орналасқан аудан өзінің күрт континентальды климатымен сипатталады. Астананың айналасына жасыл алап орнату белгілі бір шамада қолайсыз климаттық факторды бәсеңсітуге, шаңды боранның, қарлы борасынның кері әсерін азайтуға, неғұрлым тартымды ландшафт құруға, халықтың демалысы үшін қолайлы жағдайлар жасауды арттыруға мүмкіндік береді.

Астана қаласының жасыл аймағын құрудың салалық бағдарламасын Қазақстан Республикасының Табиғи ресурстар және қоршаған ортаны қорғау министрлігі Астана қаласының жаңа орталығы құрылысының барысына бақылау жасау жөніндегі мемлекеттік комиссияның тапсыруы бойынша әзірледі. Комиссияның отырысында (2001 жылғы 21 тамыздағы N 11-6/005-198 хаттама) Бағдарламаның негізгі ережелері мен өлшемдері қаралды және ол кейіннен

Мемлекет басшысы тарапынан қолдау тапты (2001 жылғы 29 тамыздағы N 12-5/5 8 т а п с ы р м а) .

Бағдарламаны әзірлеу Қазақстан Республикасы Президентінің 2001 жылғы 19 наурыздағы "Астананың гүлденуі - Қазақстанның гүлденуі" Астана қаласын әлеуметтік-экономикалық дамытудың 2005 жылға дейінгі кезеңге арналған мемлекеттік бағдарламасы туралы" N 574 Жарлығына сәйкес жүзеге асырылды.

3. Проблеманың қазіргі жай-күйін талдау

Астана қаласының орналасқан ауданы климаты күрт континентальды болып келетін қара-қоңыр топырақтағы құрғақ бетегелі-селеулі аймақшаға жатады.

Ауаның орташа жылдық температурасы $1,4^{\circ}$ жылуды құрайды. Ауа температурасының жылдық амплитудасы 91° C құрайды. Ауаның абсолютті максимумы шілде айына сай келеді және нөлден жоғары 42° дейін жетеді. Абсолютті минимум - қаңтар айында және нөлден төмен 49° жетеді. Қысқы кезеңнің ұзақтығы 5-6 айды құрайды.

Ауданның климаттық ерекшелігі оның жауын-шашынмен жеткіліксіз қамтамасыз етілуі және мұның жыл маусымдары бойынша бірдей тепе-тең бөліністі еместігі болып табылады. Жауын-шашынның орташа жылдық сомасы 302 мм тең, мұның ішінен температурасы 10° болатын кезеңге келетіні - 150 мм. Қар көп жауған және жаңбырлы болған жылдары жауын-шашынның саны 432 мм жетеді, құрғақшылықты жылдары 230 мм дейін кемиді.

Ылғалмен қамтамасыз етілуі бойынша аудан ылғалдануы жеткіліксіз аймаққа ж а т а д ы .

Желдің күштілігі ерекше көзге түседі. Жылдың суық мезгілінде оңтүстік-батыс бағытынан ұдайы жел тұрады, жыл ішінде күшті жел соққан (15 м/сек) күндердің саны 29 күнді құрайды, ол ай сайын 2-3 күнде қайталанып тұрады. Жылы мезгілде құрғақ ауада жел тұрған кезде шаңды борандар байқалады, олардың жыл ішіндегі саны 10-нан 20-ға дейін құбылып тұрады, кейбір құрғақшылықты жылдары 50-ге дейін жетеді.

Көктем күннің тез жылынуымен сипатталады. Ауаның тұрақты температурасы 5° асатын жылы кезеңнің тууы сәуір айының соңғы онкүндігіне сәйкес келеді және ол 167 күнге созылады. Топырақ қабатының жұмсаратын күні (орман отырғызу өндірісі үшін қолайлы болатын) 24 сәуірде туады. Көктеу кезеңі (өсімдіктердің өсуі мен дамуының кезеңі) орташа тәуліктік температураның 10° асқан кезеңімен сипатталып, мамыр айының алғашқы күндерінде туады. Осыны ескеретін болсақ, орман отырғызу жұмыстарын жүргізу үшін неғұрлым қолайлы мерзім - сәуірдің 24-і мен мамырдың 5-і аралығы. Көктеу кезеңі қыркүйектің

а я ғ ы н д а

а я қ т а л а д ы .

Сөйтіп, климаттың аса маңызды сипаты күрт континентальдығы болып табылады, ол қатты қыстың ыстық жазбен кереғар ауысуынан және атмосфералық жауын-шашын санының аздығынан көрінеді. Жауын-шашын режимінің ерекшеліктері жазғы аңызакпен ұштасқанда, міндетті түрде топырақта ылғал жинау жөніндегі шараларды жүргізуді, сондай-ақ жасанды суландыруды т а л а п е т е д і .

Астана қаласы айналасының жер бедері топырақтағы суды қашыртып ағызудың әлсіздігі немесе оның жоқтығы себепші болып, батпақтану мен қайтадан сортаңға айналу процесінің дамуына соқтырып отырған ағыны жоқ тұйық сулар топтасқан дөңес-төбешікті тегістік жерлер болып келеді.

Ыза сулар 1,5-3 м тереңдікте орналасқан. Бұл ыза сулардың жоғарыға көтерілуі тұздың да шығуына себепші болып отыр.

Топырақтың негізгі түрлері қоңырқай қара топырақ болып табылады, бұдан басқа шалғынды-қоңырқай, шалғынды, сортаң жерлер, сор топырақты жерлер мен шалғынды-батпақты жерлер кездеседі.

Қоңырқай қара топырақтың сипатты ерекшелігі онда 35-45 см тереңдікте орналасқан тығыз карбонат қабатының болуы болып табылады, ол топырақтың тамыр қоректенетін қабатына су өткізбейді.

Бетегелі-селеулі далалық негізінен жыртылған және дәнді дақылдар өсіруге пайдаланылады. Тың жерлерде астық тұқымдастар: селеудің садақбас түрі, сұлыбас, бетеге, жауқияқ, қоңырбас шисабак сақталған, ал ксерофитті аралас шөптерден төскейшөп, қалампыргүл, қазтамақ, бұташық түріндегі таусағыз, т а с п а ш ө п ж әне т . б . т а р а л ғ а н .

Өзендер аңғары мен далалық ойпаттар бойындағы шалғынды-қоңырқай сортаң топырақтарда бетеге, жусан, төскейшөп, қызылбояу, жалбыз, бұғғынмен бірге, мия, жауқияқ, кермек және басқалар жиі кездеседі.

Табиғи ағаш-бұта өсімдіктері ойпаң жерлерде өседі және олар негізінен салпыншақ қайың, көк терек, ақ тал, қызыл тал, сары тал түрінде келеді. Астананың айналасындағы табиғи екпелердің жалпы ауданы 388 га құрайды. Өзендер аңғары мен Есіл өзенінің көне қойнауларынан аталған түрлерден басқа, итмұрынның, ұшқаттың, сопақ жапырақты жиденің, қаражеміс тұқымдастарының өскіндері кездеседі.

Табиғи шоқ ормандардың, сондай-ақ бұрын отырғызылған жасанды екпелердің құрғақшылыққа шыдамды, тұзға төзімді және аязға шыдамды ондаған түрлері ғана болып, бұған қатаң орман өсіру жағдайлары себепші болғандықтан ағаш-бұта тұқымы жағынан түр-түрі аз.

Өткен жылдардың орман көшеттері 4,7 мың га алқапта орналасқан, автомобиль жолдарын және темір жолдарды жағалай орналасқан қорғаныш

ж о л а қ т а р ы 2 4 г а қ ұ р а й д ы .

Бұл орман екпелеріне дұрыс күтім болмауы (күтім жасап кесу мен санитарлық кесудің мезгілінде жүргізілмеуі, топыраққа күтім жасау жұмыстары көлемінің қысқаруы) айтарлықтай аумақтағы орман дақылдарының күйреуіне соқтырды, ал сақталғандары азып-тозған, биіктеп өспей қалған. Соның салдарынан олар халықтың демалысы үшін қолайлы емес және өзінің рекреациялық мақсатына сай келмейді.

Халықтың демалысы үшін жарамды ең жақын деген табиғи орман алаптары астанадан 100-150 км қашықтықта орналасқан.

Жасыл аймақты жобалау кезінде орман екпелерінің жалпы ауданы 17.5301-78 мемлекеттік стандартқа сәйкес 250 шаршы м/адам есебімен қабылданған, халық саны 800 мың адамға жеткен кезде бұған 20 мың га сәйкес келеді, бірақ Астана қаласы сияқты далалық аудандар үшін осындай аумақты 20% -ға арттыру қажет, б ұ л 2 5 м ы ң г а қ ұ р а й д ы .

Астана орналасқан жердің экологиясын нашарлататын факторларға қыс кезіндегі күшті бұрқасын, жазғы құрғақшылық кезеңдегі шаңды боран, ауа ылғалының төмендігі, ауаның газдануы мен шаңдануы, өзендер мен басқа да тоғандардағы сулардың ластануы, ыза сулардың сыртқа тебуі мен жоғары деңгейі, табиғи ландшафтардың жұтандығы, тұрмыстық қалдықтардың ұйымдастырылмаған үйіндісі, дала өрттері жатады.

Жасыл екпелердің бір гектары бір сағат ішінде 200 адам шығаратын барлық көмір қышқыл газды жұтып алады; 10 га су үстіндегі сияқты сондай дәрежедегі а у а н ы ы л ғ а л д а п , т а з а р т а д ы .

Жапырақты екпелер шаңның 30 %-на дейін, ал қылқан жапырақтылар 42 %-на дейін ұстап қалып, шөктіруге қабілетті. Орман екпелерінің бір гектары өзіне ерекше зиян келтірместен ауадан 400 кг күкірт қышқыл газды, 100 кг хлоридті және 25 кг фторидті, жерге түсетін және ауада болатын барлық зиянды заттардың 6 0 - 8 0 % - ы н ж ұ т а а л а д ы .

Өсімдіктер бөліп шығаратын фитонцидтер бактериялардың өмір сүру қабілетін басады және оларды жойып жібереді. Қарағай, қайың, терек, мойыл өте жоғары фитонцид құрау қабілетіне ие.

Екпелердің маңызды қасиеті шуды жұту болып табылады. Ағаштардың діңнен жоғары өскен бөлігі дыбыс энергиясының 75 %-ға жуығын жұтып алып, т а р а т ы п ж і б е р е д і .

Далалықтағы орман екпелері желдің жылдамдығын 30-35 %-ға дейін қысқартып, бәсеңсітеді. Орман екпелері арасындағы ауаның қатысты алғандағы ылғалдылығы ашық далалыққа қарағанда 5 - 15 % жоғары, топырақтың булануы аз, температуралық режим қалыпты.

Елорданың Астана қаласына көшуіне байланысты, Қазақстан Республикасы

Президентінің тапсырмасы бойынша қаланың санитариялық-қорғаныш жасыл аймағын құру жөніндегі жұмыстар басталды.

Тұтастай алғанда 1996 - 2001 жылдар ішіндегі кезеңде 34,8 мың га жобалау-ізвестіру жұмыстары орындалды. Бұл ретте қала шегіндегі орманға жарамды 14,6 мың га жер анықталып, осы жерлер орман көшеттерін отырғызудың жұмыс жобаларын әзірлеу үшін бөліп алынды.

1997 - 1998 жылдары айналма жол учаскелерін бойлай ірі ағаштардан қорғаныш орман жолақтары (биіктігі 2 - 3 м ағаштар) отырғызылды. Барлығы 10,6 мың дана екпе көшеттер отырғызылды.

1998 - 2001 жылдарда жалпы ауданы 8,2 мың га болатын алқапқа механикаландырылған жолмен көлемді орман ағаштары алғашқы ретпен отырғызылды. Бұдан басқа 2001 жылы 1,5 мың га алқапқа екінші ретпен ағаштар отырғызу жүзеге асырылды. Осы жылдар ішінде орман ағаштарын толықтыру мен оларды күтіп-баптау жөніндегі жұмыстар жүргізілді.

Ақмола орман шаруашылығының материалдық базасын нығайту жөнінде жұмыстар жүргізілді. 1997 - 1998 жылдар ішінде 45,8 млн. теңгеге тракторлар, машиналар және басқа да техника сатып алынды.

Бүгінгі таңда 12,2 мың га жер учаскелері бөлініп берілген. Оларды алып қою үшін кеткен шығындар мөлшері 69,9 млн. теңгені құрайды, осының ішінен 53,1 млн. теңгесін бұрынғы жер пайдаланушылар өтеді.

Қосшы кентіне таяу жерден, негізі 1998 жылы салынып, құрылысы басталған 110 га алқапта орман көшеттігінің ұйымдастыру-шаруашылық жоспары мен суландыру жүйесінің жобасы әзірленді. 30 га алқапқа бас саға мен сорап станциясы бар суландыру жүйесі салынды. Трансформатор қосалқы станциясы мен әуе электр желісі орнатылды. Екі пәтерлі кордон салынды. 2001 жылы ағаш және бұта тұқымдас екпелер орналасатын алқап 33 га құрайды. 2002 жылы ағаш егуді қамтамасыз ету үшін 3,5 млн. дана екпе және тікпе көшеттері өсіріледі.

2000 жылдан бастап тез өсетін ағаш тұқымдарын жерсіндіру жөніндегі жұмыстар жүргізілуде. 9,1 га алқапқа лавр жапырақты теректің, қазақстандық теректің, ақ талдың, кәдімгі шегіршіннің, кәдімгі қарағайдың, салпыншақ қайыңның, шетен жапырақты үйеңкінің, кәдімгі мойылдың сынақ дақылдары отырғызылды.

2001 жылы 2,5 мың га алқаптағы 1998 жылғы орман ағаштарын Астана қаласы әкімінің балансына беру жүргізілді.

4. Бағдарламаның мақсаты мен міндеттері

Бағдарламаның мақсаты астананың айналасындағы қолайсыз климаттық жағдайларды бәсеңсітіп, халықтың демалысы үшін барынша мол қолайлылық

ж а с а у

б о л ы п

т а б ы л а д ы .

Бағдарламаның негізгі міндеті 2005 жылға дейін 25 мың га алқапта орман отырғызу жұмыстарын жүзеге асыру және 2010 жылға қарай жасыл аймақ құруды аяқтау болып табылады.

5. Бағдарламаның негізгі бағыттары және іске асыру тетіктері

Жасыл аймақ қала шекарасындағы 14,6 мың га алқаптағы орманға жарамды телімдерде және 10,4 мың га алқаптағы қала маңындағы аймақта құрылады. Бұл ретте 20,3 мың га алқапта жаңа орман көшеттері отырғызылады және 4,7 мың га алқапқа өткен жылдарда отырғызылған ағаштар қайта орналастырылады.

Орман алабын құру арқылы бұрыннан бар екпелер, табиғи орман ағаштары, темір жол және автомобиль жолдарын жағалай орналасқан орман жолақтары қала айналасындағы қорғаныш орман көшеттерінің біртұтас жүйесіне кіреді.

Қаланы салудың бас жоспарына сәйкес қала шегіндегі негізгі жасыл дәліз Есіл өзенінің арнасын жағалай өтіп, Вячеслав су қоймасының жағалауындағы екпелермен қосылады.

Қаланың солтүстік-шығыс бөлігінде (Қарағанды бағыты) 2,8 мың га орман екпелерін отырғызу көзделуде, бұл қала шегінде өскен орман ағаштарын "Шұбар" саяжай ормандарында бар екпелермен, темір жол және автомобиль жолдарын жағалай өскен екпелермен, табиғи ағаштармен қосады.

Қаланың халықаралық әуежай ауданындағы оңтүстік бөлігінде 1,5 мың га алқапта орман-парк көшеттері және Майбалық көлінің жағалауында 1,4 мың га алқапқа қорғаныш көшеттері отырғызылатын болады.

Орман көшеттерін орналастырған кезде жергілікті орман питомнигінде өсірілген ағаш-бұта тұқымдарының аязға шыдамды, тұзға төзімді және тез өсіп-жетілетін түрлерінің отырғызу материалдары басым пайдаланылатын болады. Бұдан басқа ағаштардың түр-түрін кеңейту үшін Қазақстанның солтүстік және орталық аймақтарының көшеттіктерінде өсірілген жерсіндірілген отырғызу материалдары қолданылатын болады.

Орман ағаштарына арнап топырақ әзірлеуді ылғалды жинақтау мен сақтауды қамтамасыз ететін бір жылдық ерте немесе екі жылдық кара пар айдау жүйесі бойынша жүзеге асыру көздестірілуде.

Екпелер ықтырмалық үлгіде жасалады: қорғаныш екпелері үшін ықтырманың ені ықтырмааралық кеңістігі де осындай шамада болатын 20 метр болып көзделген, ал орман-саябақ көшеттері үшін тиісінше 24 және 12 метр.

Көшеттерді отырғызу екі тәсілмен жүргізіледі. Бірінші тәсілде қолайсыз жағдайларға мейлінше шыдамды жапырақ және бұта тұқымдастар отырғызылады. 3-4 жыл өткеннен кейін олардың жамылғысының астына қылқан

жапырақты тұқымдастар енгізіледі.

Өсіп тұрған орман ағаштары бес жыл бойы агротехникалық тұрғыда күтіп-бапталады, бұл күтім қатар аралықтары мен ықтырмааралық кеңістіктерді механикаландырған өңдеуді және қатарларды қолмен отап, баптауды қамтиды.

Орман-саябақ екпелеріне ағаштардың діңінен жоғары тармақтала өсетін бөлігі мен төменгі діңін қалыптастыруды қамтитын орман шаруашылығындық күтім жасау көзделген. Жас ағаштарды қалыптастырудың мақсаты жақсы дамыған бір өркен-дің алу болып табылады. Екпелерді пайдалану кезеңінде діңді бұтақтардан тазарту 5 жылдан кейін жүргізіледі.

Құрғақшылықты жылдары ағаштарды отырғызғаннан кейін бірден суару жүргізіледі. Суару қажеттігі алғашқы екі жылда сақталады, әсіресе бұған ылғал сүйгіш: терек, тал, қайың, шетен мұқтаж.

Жасыл аймақ құрудың барлық кезеңіне арналған орман екпелерін өсіру жөніндегі жұмыстар көлемі 1-кестеде келтірілген.

Астана қаласының шекарасындағы егістерді қала әкімінің балансына беру: орман екпелерін бір тәсілмен құрған кезде - отырғызғаннан үш жылдан кейін;

орман екпелерін қылқанды тұқымдылармен қоса екі тәсілмен құрған кезде - екінші тәсілмен отырғызылғаннан кейін үшінші жылы жүзеге асырылады.

6. Қажетті ресурстар және оларды қаржыландыру көздері

Жасыл аймақ құру жөніндегі жұмыстарды қамтамасыз ету үшін жалпы ауданы 8,1 мың га жер телімдерін бөліп шығару талап етіледі және оларды алып қою кезінде бұрынғы жер пайдаланушылардың шығындарын өтеу қажет.

Жұмыстың барлық кезеңіне арналған отырғызу материалдарының қажеттілігі 4 0 м л н . д а н а қ ұ р а й д ы .

Жасыл аймақ құру жөніндегі мемлекеттік тапсырыс шеңберінде арнаулы орман шаруашылығы техникасымен және құрал-жабдықтар сатып алу, орман көшеттігінің құрылысын аяқтау көзделуде.

Отырғызу материалдарын өсіріп шығару, топырақты әзірлеу орман көшеттерін отырғызу мен күтіп-баптау жөніндегі жұмыстарды қамтамасыз ету үшін жұмысшы кадрларына деген қажеттілік 2002 жылы 668 адамды, олардың санын арттыра отырып, 2004 жылы 1057 адамға дейін жеткізуді және біртіндеп қысқарта отырып 2010 жылы 346 адамға дейін болуын талап етеді.

Аспалы жабдықтары бар тракторлардың қажеттілігі 2002 жылғы 46-дан 2004 жылы 68-ге дейін арттырылады, бұдан кейін жыл сайын кеми келіп, 2010 жылы 20-ға жетеді. Жұмысшы кадрлар мен техниканың қажеттілігі 2-кестеде к е л т і р і л г е н .

Бағдарламаны жүзеге асыру үшін 4826 млн. теңге сомасында қаржы қаражаттары, соның ішінде республикалық бюджеттен - 3639 млн. теңге қажет. Қаржы қаражатының қажеттілігі 3-кестеде келтірілген.

Бағдарламаны жүзеге асыруға арналған жыл сайынғы шығыстар тиісті жылдың бюджетін жасаған кезде нақтыланатын болады.

7. Бағдарламаны жүзеге асырудан күтіліп отырған нәтиже

Бағдарламаны 2005 жылға дейін жүзеге асыру нәтижесінде 25 мың га алқапқа орман отырғызу жұмыстары жүргізілетін болады. Бұдан кейінгі 5 жылда осы аумақта жасыл аймақ жасалады, жобаланған алқапта орман көшеттігі салынып, бұл осыдан соң жасыл аймақты қайта құру мен астананы көгалдандыру кезінде отырғызу материалдарына қажеттілікті қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

8 - 10 жылдан соң отырғызылған ағаштардың тармақтала өскен бөлігі қатарласа сап түзейді және орман екпелері өзінің экологиялық функцияларын орындай бастайды: олардың жамылғылары астындағы сораң өсімдіктер саны қысқарады, топырақтағы жинақталған ылғал қорлары толық пайдаланылады, сөйтіп топырақтың жоғарғы қабатын табиғи жууға қол жетеді. Жыл сайынғы жапырақтардың түсуінен орман төсеніштері жасалады, олар шіріген кезде құнарлы қабат пайда болады. Топырақ организмдерінің түрлік құрамы өзгереді, топырақтың құрылымы мен оның орман өсетін қасиеті жақсарады.

Екпелер жеміс беретін жасқа жеткен кезде табиғи өскіндер пайда болуы мүмкін, бұл кейіннен жасанды жолмен отырғызылған екпелерді табиғи ормандармен ауыстырады.

Жедел рекреациялық жүктемесі бар екпелердегі табиғи өсіп шығу процестері табиғи өскіндерге немесе жасанды орман отырғызуға жәрдемдесу жолымен үстемеленіп отырады.

Топырақ жағдайларының өзгерістерімен қатар, ашық кеңістіктердегі шөптерде, оның табиғи құрамының кеңеюі жағынан өзгерістер болады.

Жасалған орман-саябақ екпелері атмосферадағы немесе топырақтағы зиянды заттардың әсерін өзіне қабылдап, қоршаған ортаны сауықтыра отырып, сүзгі рөлін атқаратын болады. Осы қабілетінің арқасында жасыл аймақтың барлық алқабы жыл ішінде 825 мың тоннаға жуық оттегін бөліп шығаратын болады және миллион тоннаға дейін көмір қышқыл газын жұтады, жүздеген мың тонна шаңды ұстап қалып, шөктіреді.

Вячеслав су қоймасы жағалауынан, Есіл өзені мен Майбалық көлі жағалауларынан су қорғау екпелерін жасау жер үстіндегі ағын суларды реттеуге мүмкіндік береді, бұл судың тазалығына әсер етіп, топырақтың үстіңгі жағының булануын қысқартады, қардың жинақталуын қамтамасыз етіп, оның еру мерзімін

а р т т ы р а д ы .

Жасыл аймақ қала аумағының көркін жақсартады, ландшафтты ғылыми-танымдық, мәдени, сауықтыру және санитариялық-гигиеналық жағынан неғұрлым тартымды әрі бағалы етеді, астана халқының өмір сүру ортасы мен демалысын жақсартады.

8. Астана қаласының жасыл аймағын құрудың 2002-2010 жылдарға арналған салалық бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары

Рет!Шаралардың атауы !Аяқтау нысаны!Жауапты атқарушы! Атқару мерзімі
N ! ! ! !

1 ! 2 ! 3 ! 4 ! 5

- | | | | | |
|----|--|-------------------------------------|------------------------|--------------------------------|
| 1. | Жобалау-іздістіру жұмыстары
ақпарат | Қазақстан Республикасының Үкіметіне | ҚР ТОҚМ | Жыл сайын 2003 жылғы желтоқсан |
| 2. | Жер пайдаланушылардың шығындарын өтеу
ақпарат | Қазақстан Республикасының Үкіметіне | ҚР ТОҚМ | Жыл сайын 2003 жылғы желтоқсан |
| 3. | Жер телімдерін бөліп беру
ақпарат | Қазақстан Республикасының Үкіметіне | Ақмола облысының әкімі | Жыл сайын 2003 жылғы желтоқсан |
| 4. | Топырақты әзірлеу
ақпарат | Қазақстан Республикасының Үкіметіне | ҚР ТОҚМ | Жыл сайын 2005 жылғы желтоқсан |
| 5. | Отырғызу материалдарын өсіру
ақпарат | Қазақстан Республикасының Үкіметіне | ҚР ТОҚМ | Жыл сайын 2010 жылғы желтоқсан |
| 6. | Тез өсетін ағаш тұқымдарын | Қазақстан Республикасының | ҚР ТОҚМ | Жыл сайын 2010 жылғы |

жерсіндіру ақпарат	Үкіметіне		желтоқсан
7. Орман екпелерін отырғызу, барлығы соның ішінде: 1-тәсіл 2-тәсіл орман екпелерін қайта жаңарту	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	ҚР ТОҚМ	Жыл сайын 2005 жылғы маусым Жыл сайын 2008 жылғы маусым
8. Топыраққа агротех. никалық күтім жасау ақпарат	Қазақстан Республикасының Үкіметіне 2010 жыл	ҚР ТОҚМ Астана қала. сының әкімі	Жыл сайын 2010 жылғы желтоқсан
9. Орман ағаштарын Астана қаласы әкімінің балансына беру ақпарат	Қазақстан Республикасының Үкіметіне	ҚР ТОҚМ	Жыл сайын 2007 жылғы қазан
10. Орман екпелеріне орман шаруашылығын. дық күтім жасау ақпарат	Қазақстан Республикасының Үкіметіне	ҚР ТОҚМ	Жыл сайын 2010 жылғы желтоқсан
11. Қаржыландыру, барлығы соның ішінде: республикалық бюджет есебінен * жергілікті бюджет қаражаты есебінен	Қазақстан Республикасының Үкіметіне есеп Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	ҚР ҚарМ Астана қала. сының әкімі	Жыл сайын 2010 жылғы желтоқсан Жыл сайын 2010 жылғы желтоқсан

Ескерту: * Ұсынылып отырған қаржы қаражаты Астана қаласы әкімінің балансына берілген орман ағаштарына күтім жасау жұмыстарын қамтамасыз етуге арналған.

1-кесте

Жасыл аймақ құрудың барлық кезеңіне арналған орман екпелерін өсіру жөніндегі жұмыстардың көлемі

Рет!	Ис-шара.	!Өл.	!	Жұмыстардың жылдар бойынша көлемі	!	Жиыны!	Бар.
N	лардың	!шем	!-----!			лығы	
	атауы	!бір.	!2002!2003!2004!2005!2006!2007!2008!2009!2010!			!1997-	

жаңарту
8 Т о п ы р а қ қ а
а г р о т е х н и .
к а л ы қ к ү т і м

Т р а к т о р л а р											
м е н а с п а л ы											
қ ұ р а л - ж а б .											
д ы қ т а р ғ а											
қажеттілік, дана	46	57	68	42	36	27	25	18	20	339	
с о н ы ң і ш і н д е											
с ү й р е г і ш											
с ы н ы б ы											
б о й ы н ш а :											
7 т дана	9	10	11	2	2	2	1	1	1	39	
4 т дана	16	17	19	2	2	3	5	3	5	72	
3 т дана	21	30	30	38	32	22	19	14	14	220	

3-кесте

Қаржы қаражатына қажеттілік

Рет! Атауы	!Өл. ! Жылдар бойынша жұмыстардың жоспары	!Жиыны!Бар.
N !	!шем !-----!	!лығы
!	!бір.!2002!2003!2004!2005!2006!2007!2008!2009!2010!	!1997-
!	!лігі! ! ! ! ! ! ! ! ! ! !	!2010
!	! ! ! ! ! ! ! ! ! ! !	!жыл.
!	! ! ! ! ! ! ! ! ! ! !	!дар
!	! ! ! ! ! ! ! ! ! ! !	!ішін.
!	! ! ! ! ! ! ! ! ! ! !	!де

---!-----!----!----!----!----!----!----!----!----!----!-----!

1

Қ а р ж ы л а н .

д ы р у ,

б а р л ы ғ ы

с о н ы ң

м л н .

ішінде: теңге 519 695 812 870 460 410 370 350 340 4826 6200

р е с п у б л и .

к а л ы қ

б ю д ж е т т е н

м л н .

* беріл. теңге 497 612 710 730 310 250 200 170 160 3639 5013

г е н о р м а н

а ғ а ш т а р ы н а

к ү т і м

ж а с а у

б о й ы н ш а

ж е р г і л і к т і м л н .

бюджеттен теңге 22 83 102 140 150 160 170 180 180 1187 1187

* Ұсынылып отырған қаржы қаражаты Астана қаласы әкімінің балансына берілген орман екпелеріне күтім жасау жұмыстарын қамтамасыз етуге арналады.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК